

Ойыл

ҚОБДА АУЫЛЫНДА ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВАНЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫ ӨТТІ

ҚАЗАҚТЫҢ МЕРГЕН ҚЫЗЫНЫҢ МЕРЕЙТОЙЫНА 80 КИІЗ ҮЙ ҚҰРЫЛДЫ, ОСЫЛАЙША ЭТНОАУЫЛ БОЙ КӨТЕРДІ. ҒАСЫРЛЫҚ ТОЙҒА ЖИНАЛҒАН ҚОНАҚТАР ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫН ТАМАШАЛАП, АЛТЫ БАҚАНДА ОЙНАП, ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫНАН ДӘМ ТАТТЫ. БИЫЛ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ, ҚАЗАҚТЫҢ МЕРГЕН ҚЫЗЫ ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВАНЫҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ. ҰЛЫ ЕСІМДІ ҰЛЫҚТАУ МАҚСАТЫНДА АҚТӨБЕ Өңірінде жыл басынан бері мәдени-танымдық, рухани шаралар ұйымдастырылып жатыр. Ең ауқымдысы 12 және 13 маусым күндеріне жоспарланған.



Өткен аптада Қобда жерінде «Әлия – қаһармандық дастаны» атты кең көлемді іс-шара ұйымдастырылды. Мерейтойға ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, облыс әкімі Асхат Шахаров, батырдың туыстары мен өзге де мәртебелі меймандар қатысты. Аймақ басшысы көпшілікті ұлт мақтанышының мерейтойымен құттықтады. «Қобда өңірі – талай батыр мен тұлғаларды дүниеге әкелген қасиетті мекен. Солардың ішінде Әлияның орны ерекше. Әлия апамыздың ерлігі – бүгінгі ұрпақ үшін биік рухтың, жігердің, патриотизмнің нағыз үлгісі. Оның есімі тарих беттерінде алтын әріппен жазылып, халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады. Бүгінгі іс-шара өткенге тағзым, ерлікке көрсетілген құрмет. Бұл – жас ұрпаққа үлгі боларлықтай, олардың бойына

отансүйгіштік пен адамгершілік қасиеттерді сіңіру жолындағы маңызды шара», – деді өңір басшысы. ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев қатысушыларды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан айтулы күнмен құттықтап, Әлия Молдағұлованың ерлігін ұрпақ жадында мәңгі қалдыруға атсалысып жүрген жандарға алғысын білдірді. Қонақтар Әлия Молдағұлованың өмірі мен ерлігі өрнектелген театрландырылған көріністі тамашалады. Бұлақта туып өскен қаршадай қазақ қызының ғұмыры сахналық қойылымда ерекше бейнеленген. Спектакль тарихты ғана емес, батыр қыздың бойындағы Отанға деген сүйспеншілікті, ерлік пен елдікті, рух пен күшті айырықша көрсетті. Мерекелік көңіл-күй концерттік бағдарламамен

жалғасты. Ғазиза Жұбанова атындағы облыстық филармония әртістері мен қобдалық өнерпаздардың жарқын нөмірлері көрерменге ерекше әсер сыйлады. Облыс әкімі Асхат Шахаров Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаевпен бірге этноауылдағы Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова және Хиуаз Доспанованың өмір тарихынан түрлі деректер қамтылған көшпелі музей-киіз үйге кіріп шықты. Сондай-ақ, ұлттық спорт түрлері – бәйге мен қазақ күресінде бақ сынаған спортшылардың шеберлігін тамашалады. Айтып өтейік, 7 шақырымдық құнан бәйгеде Түркістан облысы Созақ ауылынан келген шабандоз мәреге бірінші жетсе, Ойыл ауданы – екінші, Шалқар ауданы – үшінші орынды иеленді. Шарарадағы жылы атмосфераға, көрсетілген құрметке

және батыр есімін ұлықтап, еске алған сәттерге Әлияның туыстары разы. «Әкем Әлияны жиі еске алатын. Ол бала кезінен-ақ басқа балалардан ерекшеленетінін айтатын. Әлия шапшаң, жауапкершілігі мол, білімге құштар болған. Әкем оның қамқорлығы мен мейірімділігін үнемі айтып отыратын. Жасына қарамастан, ол өзгелерге жана-шырлық танытып, көмектесе білген екен. Біз ол туралы ұзақ тебірене аламыз — Әлияның бойында шексіз жылулық, қуат, рух күші бар еді. Ол біздің отбасымыздың жадында өшпес із қалдырды. Ол біз үшін жай ғана батыр емес, ол — отбасымыздың бір бөлшегі, мақтанышымыз, жан жарамыз және мәңгілік сағынышымыз», – дейді Әлия Молдағұлованың ағасы Бисембай Хабиевтің қызы Ария Хабиева.

Д.АЙДАР.



ӘКІМ САЙЛАУЫ-2025

ОЙЫЛ АУДАНЫ ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН БӨЛІНГЕН ОРЫНДАР

№	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар
1	Қараой ауылы	Еңбеккерлер көшесі ("Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)
2	Құбасай ауылы	Қызылқорған көшесі ("Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Құбасай бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)

ОЙЫЛ АУДАНЫ ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША КАНДИДАТТАРҒА САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ҮШІН БЕЛГІЛЕНГЕН ОРЫНДАР

№	Ауылдық округтің атауы	Кездесу үшін белгіленген орындар
	Қараой	Қараой ауылы, Қараой мектеп-балабақшасы, Жасқайрат көшесі №26
		Құбасай ауылы, Құбасай бастауыш мектебі, Қызылқорған көшесі №7

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИАЛЫҚ ЗАҢЫНА СӘЙКЕС АУДАНЫДЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНДЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ӘКІМДІГІНЕ КАНДИДАТТАРҒА БАСПАСӨЗ БЕТІНЕН ОРДЫН БЕРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӘШЕРІ, ШАРТТАРЫ ЖЕҢ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Сайлау алдындағы үгіттік материалдарын орналастыру қара-ақ түсті орындауда 1 шаршы см құны — 300 теңге ҚҚС қоса алғанда.
2. Үгіттік материалдарын орналастыру түрлі-түсті орындауда 1 шаршы см құны 400 теңге ҚҚС қоса алғанда
3. Үгіттік материалдарын газеттер сайттарында орналастыру құны – жалпы сомадан 50%.
- Аудандық «Ойыл» газетінің таралымы -1422 дана. Газеттің шығу жиілігі аптасына 1 рет: Сейсенбі күні — D2 форматта;
4. Ауылдық округтер әкімдігіне кандидаттарға ұсынылатын мәтіндік, фото және т.б. материалына өтініш-хатпен бірге өз қолымен (әр бетке) немесе сайлауалды үгіт құжаттарына қол қою құқығына кандидаттан сенімхаты бар тұлғаның қолы қойылады. Жоғарыда көрсетілген шарттар орындалмаған жағдайда материал газеттің таяудағы шығарылымында жарияланымнан алынып тасталады.
5. Үгіттік материалдарын газет беттерінде орналастыру «Ойыл газеті» ЖШС-ның қалауы бойынша жүзеге асырылады.
6. Үгіттік материалдарын газеттерде жариялау үшін күтілетін жарияланым күніне дейін 3 (үш күн) күнтізбелік күннен кешіктірілмей ұсынылуы тиіс.
7. Мақалалар WORD форматында, фотосуреттер jpeg форматында қабылданады.
8. Жасалған шарт бойынша «Ойыл» газетінде орналастырылған үгіттік материалдары үшін ақы төлеу ұсынылған шоттың негізінде, берілген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.
9. Үгіттік материалдарды газетке орналастыру үшін қабылдау 2025 жылғы 23 маусымнан бастап 2025 жылғы 9 шілде күнгі сағат 12.00-ге дейін жүзеге асырылады.
- P.S. Осы шарттарға Орталық сайлау комиссиясы түсіндірмелеріне сәйкес қосымшалар, өзгерістер енгізілуі мүмкін. Мекен-жайымыз: Ойыл ауданы, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, 69-үй, 318-322 белмелер.

«Ойыл газеті» ЖШС-і

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ - 2025

АУДАНЫДЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОЧТА» АҚ АРҚЫЛЫ
2025 ЖЫЛДЫҢ ІІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

ИНДЕКС	ЖАЗЫЛУШЫЛАР САНАТЫ	6 АЙ
65525	ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА	3515,22
66525	ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА	6796,86
67525	ЖЕҢІЛДІКПЕН ЖАЗЫЛАТЫНДАРҒА (БАРЛЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ)	3070,90

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ: 2-11-07, 2-19-02 (РЕДАКЦИЯ)
2-19-98 («ҚАЗПОЧТА» АҚ)

ҚАЗАҚСТАННЫҢ 3000-НАН АСТАМ АУЫЛЫ ЖОҒАРЫ ЖЫЛДАМДЫҚТЫ ИНТЕРНЕТКЕ ҚОСЫЛАДЫ ҚР ЦИФРЛЫҚ ДАМУ, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ АЭРОҒАРЫШ ӨНЕРКӨСІБІ МИНИСТРЛІГІ МЕН «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ 3000-НАН АСТАМ АУЫЛДЫ ИНТЕРНЕТКЕ ҚОСУ ТУРАЛЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КЕЛІСІМ ЖАСАСТЫ.

Қол қойылған мәміленің арқасында талшықты-оптикалық желінін тәсеу мобильді интернет пен байланыстың сапасын едәуір арттыруға мүмкіндік береді. «Біз өңірлерді дамытуға тең жағдай жасайтын цифрлық іретас қалап жатырмыз. Міндетіміз – ауылдарды интернетке қосумен қатар, елді мекендерді елдің цифрлық экжүйесіне енгізу. Бұл білім алу, медицина, мемлекеттік қызметтерге тең дәрежеде қолжеткізудің негізі. Инфрақұрылым тұрақты және ашық түрде жұмыс істегенде, шағын бизнес, ауыл мектептері мен жастарға арналған жаңа кәсіптік бағыттарды дамытуға жол ашады», - деді Жаслан Мәдиев, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі.

«Ең бастысы – білім алу, өзін-өзі дамыту мен заманауи технологияларды пайдалануда ауылдағы бала мен қаладағы баланың мүмкіндіктері тең дәрежеде болуы тиіс. Біз цифрлық теңсіздікті жоюды еліміздің түкпір-түкпірінен, шалғай жатқан ауылдардан бастадық. Интернетке қол жеткізу – көптен бері сән болудан қалды, бұл халықаралық деңгейде, оның ішінде БҰҰ мен еліміздің Президенті мәлімдегендей, негізгі қажеттілік», – Бағдат Мусин, «Қазақтелеком» АҚ Басқарма Төрағасы.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің баспасөз қызметі

БАЛА ТӘРБИЕСІ БЕСІКТЕН БАСҚАЛАДЫ!

Бала тәрбиесі отбасынан басталып, одан әрі барлық құқықтары қорғалған кезде баланың болашағы зор болып елінің бір тұтқасын ұстайтын азамат болары анық. Ата бабамыз «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» - деп бекер айтпаған.

Сондықтан баланың тәрбиесі отбасынан басталып, білім алу құқығы әлеуметтік және мәдени жағынан қамтамасыз етілуі тиісті деңгейде болуы керек.

Сонымен қатар кәмелетке толмаған жастар – бұл 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер мен балалар. Олар – еліміздің ертеңі, қоғамның болашағы. Сондықтан олардың денсаулығы, білімі, құқықтары мен тәрбиесі – мемлекеттің басты назарында болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, әрбір кәмелетке толмаған бала білім алуға, медициналық көмекке, отбасылық жылуға және қауіпсіз ортада өмір сүруге құқылы. Сонымен қатар, оларды зорлық-зомбылықтан, қанаудан және қатыгез қарым-қатынастан қорғау міндетіміз. Кез-келген ата-ана баланың тәрбиесі мен дамуы үшін ортақ және бірдей жауапкершілігін тану қағидаттарын қамтамасыз ету үшін барлық арқын күш-жігерлер жұмсау мұқимы баласын тәрбиелеуге міндетті. Ата-анасы немесе тиісті жағдайларда заңды қамқоршылары баланың тәрбиесі мен дамуы үшін негізгі жауапкершілікті мойнына алады. Балалардың ата-аналарының бақылауынсыз қалған кезде құқық бұзушылықтарға

барып жататыны баршамызға мәлім.

Сондықтан балалардың бақылаусыз жүруін яғни түнгі уақыттарда қоғамдық орындарда заңды өкілсіз жүруіне тиым салынады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің талаптары бойынша Көмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз сағат 22-ден таңғы 06-ға дейін ойын-сауық мекемелерінде болу фактілері орын алған кезде заңды өкілдеріне үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Сонымен қатар кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғын жайдан тыс жерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін болуы заңды өкілдеріне ескерту жасауға әкеп соғады. Осы аталған әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер заңды өкілдеріне жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғатындығын баршамыз білуіміз қажет.

Кәмелетке толмағандар – елдің болашағы. Сондықтан олардың құқықтарын сақтау, сапалы білім мен тәрбие беру – қоғамның басты міндеттерінің бірі. Сонымен қатар жасөспірімдердің өз құқықтары мен міндеттерін біліп, саналы әрекет етуі – олардың жауапты азамат болып қалыптасуына жол ашады.

Е. АЛТЫБАЕВ,
Ойыл аудандық сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРІБЕМЕН САЛЫСТЫРСАҚ...

ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕ – КЕЗ КЕЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚОҒАМДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ БАСТЫ ТІРЕКТЕРДІҢ БІРІ. ӨР ЕЛДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІ ӨЗІНІҢ ТАРИХИ, МӨДЕНИ ЖӘНЕ САЯСИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ САЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ.

Қазақстан мен Америка Құрама Штаттарының құқықтық тәжірибелерін салыстыру арқылы олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтап, әр жүйенің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалауға болады. Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы қылмыстық және азаматтық іс жүргізу тәжірибесі мен АҚШ тәжірибесі салыстырмалы түрде талданады.

Құқықтық жүйелердің ерекшеліктері Қазақстан континенталдық құқық жүйесіне жатады, бұл жүйеде құқықтың негізгі көзі ретінде заңдар мен кодекстер есептеледі. Сот істері көбіне жазбаша түрде жүргізіледі. Ал Америка Құрама Штаттары англосаксондық немесе жалпы құқық жүйесін ұстанады. Бұл жүйеде сот прецеденттері мен алдыңғы істердің шешімдері маңызды рөл атқарады. Сот процестері ауызша, пікірталас негізінде өткізіледі. Қылмыстық іс жүргізу саласындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтар Қазақстанда қылмыстық істерді қарау барысында судья негізгі шешім қабылдаушы тұлға болып табылады. Алқабилер соты сирек, көбінесе аса ауыр қылмыстық істерде ғана қолданылады. Айыптау функциясын прокурор жүзеге асырады, ал айыпталушыны қорғау үшін адвокат немесе мемлекет тағайындаған қорғаушы тағайындалады. Процесс көбіне ресми және жазбаша сипатта өтеді. Кінәні мойындау жеңілдететін мән-жай ретінде есептеледі, бірақ іс жүргізуді толық тоқтата бермейді. АҚШ-та қылмыстық істер бойынша алқабилер соты кеңінен қолданылады және бұл жүйе әділеттілікті қоғам атынан қамтамасыз етуді көздейді. Қорғаушы мен айыптаушы тараптар белсенді пікірталас жүргізеді, сот процесі ауызша және динамикалық түрде өтеді. Кінәні мойындау институты (plea bargaining) өте кең таралған, бұл арқылы істердің көпшілігі сотқа жетпей-ақ шешіледі. Бұл әдіс ресурсты үнемдеуге мүмкіндік береді. Азаматтық іс жүргізудегі ерекшеліктер Қазақстанда азаматтық істер бойынша талап арыздар сотқа жазбаша түр-

де беріледі. Процесс те негізінен жазбаша түрде жүргізіледі. Сот шешімдері арнайы атқарушылық өндіріс арқылы орындалады. Қазіргі кезде медиация мен татуласу рәсімдері дамып келе жатқанымен, бұл институттар әлі де шектеулі қолданылады. АҚШ-та азаматтық сот істері де алқабилер қатысуымен қаралуы мүмкін. Мұнда адвокаттар шешуші рөл атқарады, және көптеген істерде тараптар сотқа дейінгі келіссөздер арқылы татуласады. Медиация мен арбитраж жүйесі өте жақсы және ерекше белгілер Қазақстанық істерді жылдам әрі тиімді шешуге мүмкіндік береді. Ортақ және ерекше белгілер Қазақстан мен АҚШ құқықтық жүйелерінде ортақ белгілер де, маңызды айырмашылықтар да бар. Екі ел де адам құқықтарын қорғауды мақсат етеді, сот төрелігін қамтамасыз ету үшін конституциялық нормалар мен заңдарға сүйенеді. Алайда процестің ұйымдастырылуы, соттың құрылымы, адвокаттардың рөлі мен іс жүргізудің сипаты айтарлықтай ерекшеленеді. АҚШ тәжірибесінде алқабилер институтының белсенді қолданылуы мен адвокаттардың мықты позициясы айрықша өзгеу аударады. Ал Қазақстанда процестің ресмилігі мен судьяның шешуші рөлі басым. Қорытынды Қазақстан мен АҚШ құқықтық жүйелері түрлі тарихи және құқықтық дәстүрлерге сүйенеді. АҚШ тәжірибесінде қолданылатын кейбір элементтер, мысалы, алқабилер соты мен медиация жүйесі, Қазақстанда да тиімді енгізілуі мүмкін.

Алайда әр елдің құқықтық тәжірибесі өз қоғамының мәдениеті мен құқықтық санасына сай жетілуі тиіс. Қазақстан қазіргі таңда құқықтық реформаларды белсенді жүргізіп жатыр, бұл бағытта шет мемлекеттердің озық тәжірибесін зерделеу – болашақтағы әділетті және тиімді құқықтық жүйені қалыптастырудың маңызды қадамы болып табылады.

А. ТӨРЕМУРАТОВА,
Ойыл аудандық сотының судьясы.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ 2025 ЖЫЛДЫҢ ІІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік мекеменің атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» ММ	Займолдин Сәкен Ғазизұлы, аудандық мәслихат төрағасы	Әр аптаның сейсенбі күндері Уақыты: Сағ.: 10-00 ден 12-00 ге дейін	Ойыл селосы, Құрманғазин көшесі №43	2-13-70

КОНКУРС

«ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» ММ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ «ҚАМҚОР» ОТБАСЫН ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ МЕКЕМЕСІ БАСШЫСЫНЫҢ БОС ЛАУАЗЫМЫНА ОРНАЛАСУҒА КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ!

1.ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ:

- отбасын қолдау орталығының (бұдан әрі –Орталық) өндірістік,әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды;
- шешім қабылдайды,Орталық мүлкінің сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;
- Орталық қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетігін айқындайды;
- барлық құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын және тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастырады, олардың қызметін мемлекеттік отбасылық саясат саласын дамытуға және жетілдіруге бағыттайды;
- Орталықты білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану және дамыту, жұмыскерлердің біліктілігін жүйелі түрде арттыру, оңтайлы еңбек жағдайларын жасау, еңбек заңнамасының, еңбек тәртібінің талаптарын сақтау жөнінде шаралар қабылдайды;
- жұмыскерлердің еңбек уәддемесін, бастамасы мен белсенділігін дамытуға ықпал етеді;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және дербес жауапты болады;
- барлық жұмыскерлер үшін

- міндетті өкімдер, бұйрықтар шығарады және тапсырмалар береді;
- жоғары тұрған орган тағайындайтын қызметкерлерден басқа жұмыскерлерді қабылдауды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады, көтермелеу шараларын қолданады және қызметкерлерге тәртіптік жаза қолданады;
- құрылымдық бөлімшілер орынбасарларының, басшыларының және қызметкерлерінің міндеттерін бөледі;
- Орталықтың жұмыс жоспарларын бекітеді, олардың орындалуын ұйымдастырады және бақылайды;
- жоғары тұрған органға жоспарлы-есепті құжаттама ны дайындауды және ұсынуды ұйымдастырады;
- ол болмаған кезеңде өз өкілеттігін орынбасарларының біріне жүктеу туралы бұйрықтар шығарады;
- заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік етеді;
- қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында іс-сапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттыру тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- шарттар жасасады, сенімхаттар береді;
- сотта, мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Орталықтың мүліктік және

- өзге де мүдделерін білдіреді;
- жұмыстың ұтымды нысандары мен әдістерін практикаға енгізу, Орталықтың материалдық-техникалық базасын дамыту жөнінде шаралар қабылдайды.

Санаты: А1-3;
ЛАУАЗЫМДЫҚ ЖАЛАҚЫСЫ: қызмет өткерген жылдарына байланысты: 279 000 теңгеден 300 000 теңгеге дейін.

1. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

1)гуманитарлық ғылымдар немесе әлеуметтік ғылымдар,экономика және бизнес не құқық (құқықтану, халықаралық құқық) немесе білім немесе журналистика және ақпарат мамандықтары бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім;

2) ЖҰМЫС ӨТІЛІ:

- қалалық, аудандық орталықтар үшін аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі кемінде 4 (төрт) жыл, оның ішінде басшы лауазымдарында кемінде 2 (екі) жыл.

БІЛУІ ТИІС:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын (бұдан әрі - Конституция);
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (бұдан әрі - «Неке (ер-

- лі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі»;
- Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін (бұдан әрі - Бюджет кодексі);
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін (бұдан әрі - Еңбек кодексі)
- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (бұдан әрі - Азаматтық кодекс);
- Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексін (бұдан әрі - Әлеуметтік кодекс);
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін (бұдан әрі - АППК);
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу туралы», «Мемлекеттік құпиялар туралы», «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Ақпараттандыру туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», Қазақстан Республикасының заңдарын;
- «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысын (бұдан әрі-Үкіметтің №1193 қаулысы);
- мемлекеттік отбасы саяса-

- ты саласындағы заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді;
- мемлекеттік отбасылық саясатты іске асырудың негіздері, Қазақстан Республикасының заңдары мен бағыттарын;
- мемлекеттік отбасы саясаты саласындағы отандық және шетелдік тәжірибені;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу әдістерін;
- еңбекті ұйымдастыру және басқару негіздерін;
- ішкі еңбек күн тәртібін, еңбек қаіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын, өрт қауіпсіздігі қағидаларын, санитариялық қағидаларды білу қажет.

1. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 3) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- 4) лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері.
- 5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
- 6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медицина-

лық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрімін детін атқарушысының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелінген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама. Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігі нарттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жариялымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру бұқаралық ақпаратты құралдарында жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүргізіледі.

ҚҰЖАТТАР ҚОЛМА-ҚОЛ НЕМЕСЕ ПОЧТА АРҚЫЛЫ:

Қазақстан Республикасы, Ақтебе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Шерняз көшесі, №49 мекенжайы бойынша қабылданады (Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі).

Толық ақпаратты +7 (71332) 2-19-42 телефоны бойынша алуға болады.

СЫРЫМ БАҚТЫТЕРЕУІҰЛЫ

ТАҢҒЫ ШЫҚ ЖӘНЕ КӨЗ ЖАСЫ

92 аурухана жас сәбилерді қабылдай алады, яғни ана мен балаға арналған 17 680 жалпы кереуеттерге қоса, қосымша көмекті қажет ететін 3 645 арнаулы кереуеттер қойылған. Мұның өзі жүгірте анықталған цифрлар. Тереңдей үңілсеңіз, зәрең ұшағанның өзінде, ұлтжанды азаматтардың қалың қыспақ ортасында нәліктен шырылдайтынын түсінуге болады. Салыстыру үшін, одақ деңгейінде зерттеу жүргізіп көріп еді, онда да бөрікті аспанға ататындай көңіл-күйді көре алмады. Халық қалады, жағдайымызды түзетуге қызмет етер деп күтіп отыр. Ендеше, аянбай еңбек ету керек. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі комитеттің мүшесі. Комитет КСРО Жоғарғы Кеңестің Одақтар Кеңесінің және Ұлттар Кеңесінің арнаулы комиссияларымен бірлесіп, шын мәнінде саланың заңи негізін қалайтын басты құжат қажеттігін алға тартты. Бүкіл КСРОдақтар орталықтарын, КСРО Денсаулық сақтау министрлігін, КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы заңи комиссияны жұмылдырып, «Кеңестер Одағының және одақтас республикалардың денсаулық сақтау жөніндегі заң негіздерінің» жобасын әзірлеуге кірісті. Жобаны жазу және талқылау барысында, ұлттық медицина ғана емес, одақтық мемлекеттік медицинаның да тәліртектеген жәй-күйі жалғанның жарығына шықты. Одақтың 1918 жылы тұңғыш Денсаулық сақтау халық комиссариаты құрылып, оның тұңғыш комиссары болып Семашо сайланғандан кейін де жиырма жылдай уақыт өтіпті. Не өзгерді? Одақта біртұтас, бірегей денсаулық сақтау жүйесі заңдастырылды ма? Жоқ. Содан бері бар болғаны санитариялық заң актілері мен Жоғарғы Кеңес бекіткен, билік органдары орындауға тиіс ережелер ғана қабылданыпты. Амалсыз, СОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің жекелеген қаулы-қараларына жүгінуге тура келеді екен. Айталық, басқаны былай зойғанда, дәрігердің ар-намысы, дәрігерлердің міндеті туралы немесе Кеңес Одағы дәрігерлерінің салтанатты түрде ант қабылдауы туралы ережелердің бір де бірі өз дәрежесінде заңдастырылмапты. Бірінші шақырылым депутаттары, ұзақ пікір сайысынан кейін, жобаны әзірлеудің алғашқы ұйымдық шараларын белгіледі. Елге тарап кетпей, күн-түн жұмыс істеп алғашқы нұсқасын жасады. Оны да біраз пысықтап, заң жобасын КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасына ұсынды, Төралқа да тиісті сараптамалардан соң, оны бүкілодақтық талқылауға жіберілді. Алайда, мұның өзі алғашқы қадам болатын. Өйткені, әртүрлі себептерге байланысты заң жобасы Ресей Коммунистік (большевиктер) партиясы 1919 жылғы сегізінші съезінде қабылдаған бағдарламаның басты бес бағытына сүйенумен шектелді: бірінші, ел халқына дәрігерлік қызметтің тегін және қолжетімді көрсетілуі; екінші, саланы дамытудың жоспарлы мемлекеттік сипаты; үшінші, денсаулық сақтау жүйесі мен оның алдын алу бағытының тұтастығы; төртінші, ғылым мен тәжірибенің тығыз байланысы;

бесінші, халықтың денсаулығын сақтауға елдің бүкіл жұртын жұмылдыру. Әрине, сең бұзылғандай, бірақ көңілді тыншытуға әлі ерте еді. Жоғарыда аталған бес қағиданың өзі көп нәрсенің бетін ашқандай, зерзалсаңыз, денсаулық сақтау саласының ірге тасына ғана қатысты бағыт-бағдарды сезінудің ешқандай қиындығы жоқ. Дегенмен, Мәскеудегі қызу талқы ортасында ойға көп нәрсені түйіп оралған жас комиссар, енді өз елінде сонының жемісіндей іс-қимылдарға белсене араласып кетуі тиісті. Алайда, олай болмады. Өзі жақсы білетін, біріне шәкірт, біріне ұстаз әріптестерінің қолдауымен эпидемиология мен вирусология, хирургия мен онкология саласында сәтті қадамдар жасалды, халық арасында насихаттық жұмыстар біраз жанданды. Бруцеллезге қарсы ведомствоаралық үкімет комиссиясын құруға белсене кірісті. Бұл іс жүзінде, бүкіл одақ бойынша тұңғыш рет ұйымдастырылған комиссия болатын. Дей тұрғанмен, билік айтудан гөрі адамдармен қарапайым сырласуға бейім табиғи мінезі мәртебелі мінбелерде сыр бере берді де, комиссарлықпен қоштасып, таза ғылыми, бұқаралық салаға бет бұрды. Оның үстіне, ол да пенде, адамды тұрмысың билейді деген қағиданы теріс дей алмайсың. Білдей комиссардың, Одақтық депутаттың тұрмысы жаман болушы ма еді?! Солай-ау, бірақ Ириадасының аяғы ауырлағалы, оның денсаулығы сыр бере бастады да, елден қайын енесі Ольга Ананьевнаны алдыртты. Қаншама жыл көрші тұрды, әкесімен де, туған анасы Ақанаймен де, одан бес жасында жетім қалғанда, құшағына қысып, жетімсіретпеген өгей анасы Ханзиямен де тонның ішкі бауындай араласып кеткен Ольга Ананьевна, «онсыз да қызмет бабында шаршап жүрген күйеу баласына жаны аши ма, көп қинала берме, ештеңе етпейді, жас қой, жазылып кетеді. Дәрігерсіз-ақ, он екі құрсақ көтеріп, бәрін де аман-есен өсірдік қой. Ойбай-ау, комиссардың қарайған қызметкерлерінің қамқорлығындағы Ириадан бір баланы туа алмайды деп қорқасың ба, әлі-ақ өке боласың» деп күйеу баласын еркелетіп, бәйек болып қалатын. Дәрігерлер, сөбиді кесіп алайық деп еді, «жоқ, өзім көтерем» деп Ириадда көнбей қойды. Бөлменің іші жолдас, жораларының болашақ сәбиіне арнап ежелген сыйлықтарға, Мәскеуге барған сайын өзі де сатып алатын қуыршақтарға толды да кетті. Соларды сандыққа салып, сандықтан алып, жүзі балбырап, шаттанып отырып, Ириадда: «Егер ұл тусам атын Болат қояйық, қыз тусам марқұм апаң Марианың құрметіне Мария қояйық» деп отырушы еді. Тағдыр ол арманды орындаттырмады. Дүниеге қыз келді, Мария келді дүниеге. Бірақ, Ириадда босану кезінде көз жұмды. Жасы келген адам, Ольга Ананьевна не істей алады, амал жоқ, еліне қайтты. Шаранамен жалғыз қалды. Кейін, «Сырласу» атты еңбегінде сол күндерін Ишанбай былай деп есіне алыпты: «Оған емшек сүтін тауып, тамақтандыру, мезгілінде шомылдырып,тазалау, астын құрғатып, жаялығын жаңарту, ыстықтан да, салқыннан да

сақтап, құндақтау сияқты сан алуан қамқорлық жұмыстарының бәрін алғашқы кезде өзім атқардым. Жаны ашып, басқа біреулер емізгенде де, тамақтандырып, шомылдырып, құрғатқанда да көз айырмай қастарында болуға тырыстым. Кейінірек, қабырғаммен кесесем, кейбіреулерге тіпті орынсыз сенімсіздік көрсеткендей екенмін. Шындығын айтсам, ол уақытта кішкентай қызым үшін не істеуге де дайын едім. Нәрестеге байланысты ананың міндетінің бәрін үйренгендеймін. Кемшілігім, тек сол балаға нәр болатындай сүтім жоқ. Бала бағуды түсінген сайын, көз жасым да көп төгілетін болды. «Маман тірі болса, бұлай болмас еді-ау, балааланым» деп мен де қосыла жыйлайтын болдым. Түнде ұйқы қанбағандықтан жұмысқа барып, қалғып отыратын кездерім де аз болған жоқ. Бала үшін жұмыс төртібін өзгерттім. Профессор Е.М. Стеблов қарап: «Жүйкесі әптен жұқарған» деген диагноз қойды. Мамандар: «Сенің қаның азайып бара жатыр және бұрынғы туберкулез науқасыңның қайта шығу қаупі бар» дегенді айтты. Амал жоқ, мамандармен, жақын жолдастарыммен ақылдасып, ақыры қызымды Мәскеудегі нәрестелерге арналған физиологиялық бөлімге апарып, орналастырдым». Мүгедек болу азабын тартудай-ақ тартқан Николай Островский «Адамзат бақытының төрттен үш бөлігі отбасына байланысты ғой» деп тегін айтты деймісің. Бұған не қосуға болады?! Қанша дегенмен, мемлекет қамқорлығындағы үлгі тұтарлық орталық қой, қызының жағдайы кәдімгідей түзелеп қалғанмен, Ишанбай Жоғарғы Кеңестегі депутаттық мәртебесін сылтау етіп, Мәскеуге, дәлірегі қызына баруды жиілетті. Бірақ өмір тоқтамайды, тірі адам тірілігін жасауы тиіс. Жауапты қызмет пен сүйікті сәбиі үшін ақыл мен қайратты қатар игеру қажет болған сол бір қиын күндерде, Ишанбай Қарағұл ұлын тағы бір төтен ой мазалай бастады. Карелияда қан төгіліп жатыр, Еуропада фашизм бас көтеріп, өлім бұлты түйіліп келеді. Екі жылдай бұрын КСРО Мемлекеттік шекарасын санитариялық қорғау басқармасын басқаруға тағайындағалы күнде еститіні екінші дүниежүзілік соғыс жайлы жан түршіктірер қаралы хабарлар, көретіні шекарадағы ашулы арыстандай тап бергісі келіп, тісін қайраған фашистік пығылдағы қасқұнем тірлік көріністері. Майданнан қаралы қара қағаздар ағылады да жатады. Туған ағасы Бақтыбай да сол аласапыран шайқаста қаза тапты. Жақсы көретін жақын ағалары Қапан, Нұри, Тәши, Әбилер ауыр жараланып, әскери госпитальда жатыр. Соғыс, елдегі ауыр тұрмыс еңсені көтертпейді. Бір жағы отбасындағы қайғымен, екінші жағы республика гигиенистерінің, эпидиомологтарының, инфекционистері мен микробиологтарының біріккен ғылыми қоғамын құру қиындықтарымен арпалысып жүріп, миға шегедей қадалған тосын ойға да беріле береді. Менің жаным кімнен артық, ғылым қайда қашар дейсің, мына түп-тұқиянымызды қалдырмай, құртып жібергісі келіп шүйліккен дұшпанның сесін қайтарсақ, бәрі қайтадан орнына келмей ме?! Ақыры, Алматы қаласындағы Қазақ

әскери комиссариаттың майданға жаңа әскери бөлімдер жинақтау жөніндегі санитарлық бөлімшесін басқарғалы осы ой мүлдем өршіп кетті де, әрі анасыз жетім баланы бағып отыр, әрі КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, соғысқа алынбайтындай осындай екі бірдей ұрықсат қағазына қарамай, майданға сұранды. Басым бос деп, ой жетегінде кетпес, Мариасын айдалада қалай қалдырады. Өз анасындай бола алмаса да, қамқор қолға өткізсе, ол жүрекке дауа емес пе? Ириадасының дүниеден өткеніне толық жыл толмаса да, тағдыр жаңадан шаңырақ көтеруді талап ететін сияқты. Мариасын сол отаудың отбасы серігіне, әйел мейіріміне ұстатуы керек. Ол үшін үйлену керек. Кімге? Республика Министрлер Кеңесі ауруханасының физиотерапия бөлімінің меңгерушісі, дәрігер Надежда Константиновна Колесниковамен сырласып жүруші еді. Ұсынысын айтты. Бастапқыда Надежда Константиновна: «Соғыс бітсін, сосын көрерміз» деп көнбей жүрді. Ал, Ишанбайда күтетін уақыт жоқ. Тағдыр екеуін де сынағ салды. Кім біледі, қыз жігітті ұнатты ма, әлде ел алдындағы азаматтың ауыр тағдыры ойлантты ма, Надежда Константиновна келісім берді. Ишанбайдың басына, аллатағала, кілең төтен шешім қабылдауды жазып қойған ба, үйлену тойы 1941 жылдың 7 шілдесінде өтті. Тап сол күні, әскери комиссариатқа берген аттаныш бойынша ол майданға өтінуші тиіс-ті. Тойға баяғы Харира ханымның естелігінде айтылатын, отыз үшінші жылы Астараханьнан Алматы медицина институтына келген одессалық белгілі ғалым, профессор Илья Семенович Баккал бастап, сол жылдарда сырттан ауысқан Владимир Георгьевич Ермолаев, Василий Павлович Рошин, Сергей Иванович Телятников, Александр Николаевич Сызганов, жергілікті ғалым достары, Хамза Жұматов, Естөре Оразаков, Мұхамметжан Қаратаев сияқты ығайлар мен сығайлар жиналған салтанат ұзаққа бармады. Келісім бойынша, той үстінде апыл-ғұпыл жолға дайындалды. Той салтанатының бұлай бұзыларын қонақтар күтпеген еді. - Ишанбай, жаныңдай жақсы көретін қызың Мәскеуде жатыр. Оның тағдыры тек саған ғана байланысты. Мына неке-лескен қызыңмен бір түнемей, оған тәуір пәтерінді, бүкіл дүние-мүлкінді тастап кетіп барасың. Сен осының бетін оған сыйға тарту үшін әдейі ЗАГС-ке тіркелгендей болып отырсың. Мұны ақылды жігіттің ісі дей алмаймыз, - десіп қыспаққа алсын кеп. Бірақ, мәселе алдын-ала шешіліп қойылған-ды. Бас тартуға кеш. Амал жоқ, тойшылардың біразы енді Ишанбайды майданға аттандырып салу үшін бірінші Алматы вокзалына ағылды. Қабылдау пунктіне келіп, тіркеліп, енді вагонға мінуді күтіп отырғанда, радио арқылы оны әскери комендатураға шақырды. Барса, И.Қарағұловты майданға алынатындар қатарынан шығарып тастапты. Себебін сұрап еді, ешкім білмейді. Кейін де оған ешкім дәйекті жауап бере алған жоқ. «Ишанбай Қарағұлов соғысқа алынбайды. Бітті». Себебін, Ишанбай аға өле-өлгенше білмей кетті.

(Жалғасы. Басы алдыңғы санда)

ШЕГІРТКЕГЕ ТОСҚАУЫА -

«МАА-ЖАНЫҢ АМАНЫҒЫ» ҮШІН... ШЕГІРТКЕ – ШАБЫНДЫҚ ПЕН ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ЖЕРЛЕРГЕ ДЕ АЗ ЗИЯН КЕЛТІРМЕЙДІ. СОНДЫҚТАН ШЕГІРТКЕМЕН КҮРЕС СЫНДЫ МАУСЫМДЫҚ ЖҰМЫСТАР ӘР ЖЫЛ САЙЫН МАҢЫЗДЫ.



Биыл Ойыл ауданында үйірлі шегірткенің таралу аумағы өткен жылмен салыстырғанда көбейіп отыр. «Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» РММ Ойыл аудандық филиалы жұмыстарын GPS навигаторларына түсіру арқылы Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының өсімдік қорғау жөнінде іс-шаралар жұмысы барысында да 2025 жылға италия шегірткесінің дернәсілдеріне (итальяндық прус) қарсы Ойыл ауданы бойынша 55817 гектар жер, оның ішінде жермен - 43176 гектар, әуемен – 12641 гектар жер жоспарланды.

Ауданда мамыр айының 15-ші күні химиялық өңдеу жұмыстары басталды. Қазіргі таңда ауылдық округтердің

әкімдіктері бөлген бақылаушылар және жергілікті атқарушы орган қызметкерлерін мониторингтік жұмыстарына қатыстыра отырып, шегірткеге қарсы химиялық өңдеу іс-шаралары жалғасып жатыр. Бұл маусымдық жұмысқа мамыр-маусым айлары аралығында «Ақтөбе Құнарлылық» ЖШС-нен 1 дана аэрозольді генератор техникасы, «Магтоксин» ЖШС-нен 2 дана ГАЗ-66, «Бағжан» АҚ-нан 4 дана жер үсті желдеткіш бүріккіш техникасы, «АЭРО авиакомпания» ЖШС-нен 1 дана жеңіл әуе ұшағы жұмылдырылды. Бүгінгі күні әуелгі жоспардан тыс қосымша 16500 гектар жерге химиялық өңдеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Б. АБДУЛЛИН,
Аудандық аумақтық инспекциясының басшысы.

АУРУЫҢ АСТАН БОЛМАСЫН! ТАМАҚТАН УЛАНУ ЖЫЛДЫҢ КЕЗ-КЕЛГЕН УАҚЫТЫНДА БОЛАТЫН ЖАҒДАЙ. БІРАҚ, ЖАЗДА ҚАҰП ЕКІ ЕСЕ ЖОҒАРЫ. УЛАНУДЫҢ НЕГІЗГІ СЕБЕБІ – АЗЫҚ-ТҮЛІКТІҢ ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІН ЖӘНЕ ДАЙЫНДАЛҒАН ТАҒАМДЫ САҚТАУ ШАРТТАРЫН САҚТАМАУ.



Естеріңізге сала кетейік, балық, ет тағамдары, майонез және жұмыртқа қосылған салаттар, сүт тағамдары, ірімшіктің жұмсақ сорттары, ақуыз кремі бар торттар үстелде 4 сағаттан кейін немесе тоңазытқышта 2 күннен артық уақыт тұрса, ішінде бүлініп, ауыр улануға себеп болуы мүмкін. Бүгінгі таңда тамақтан улануды тудыратын бактериялардың алты түрі бар: ішек таяқшасы (шикі сүт және толық пісірілмеген ет); моноцитогенді листериялар (шикі жемістер, құс еті, жұмсақ және қатты ірімшіктер); ботулизм (нашар өңделген консервіленген көкөністер мен ет); патогендік клостридиялар (60 градустан төмен температурада дайындалған ет немесе балықта пайда болады); сальмонеллалар (жұмыртқа,

пастерленбеген сүт); стафилококк (тамақ дайындау кезінде жеке гигиена сақталмаған кезде пайда болады). Осы қиындықтарға тап болмас үшін үйде дайындалған тағамдарды сатып алмаңыз, белгіленбеген жерлерде сатылатын дайын тағамдарды пайдаланбаңыз. Кілегей немесе майонез қосылған дайын тағамдарды, салаттарды бір тәуліктен артық сақтауға болмайды! Тұралған, бірақ майонез немесе тұздықпен араластырылмаған салаттарды 2 күн сақтауға болады. Торттар мен пирожныйлар тоңазытқышта 3 күннен артық сақталмайды.

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1423 дана. Тапсырыс 678 Көлемі 1 баспа табак, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

АЛТЫН БЕСІКТІҢ АЖАРЫ

АУЫЛ - ҚАЗАҚТЫҢ ҚҰРЕТАМЫРЫ. ҰЛТ РУХАНИЯТЫ ДА АУЫЛДАН БАСТАУ АЛАДЫ. САЛТ-ДӘСТҮР, МӨДЕНИЕТТІҢ САРҚЫЛМАС ҚОРЫ ДА АУЫЛДАРЫМЫЗДА САҚТАЛЫП КЕЛЕДІ. КӨПТІ КӨРГЕН КӨНЕКӨЗ ҚАРТТАРЫМЫЗ АУЫЛДА ЖАТЫП-АҚ, ҰЛТ БОЛАШАҒЫ ҮШІН ҰРПАҚ ТӨРБИЕСІНЕ ҮЛЕС ҚОСТЫ.



Әлі де қосып келеді. Атасы мен әжесінің тәрбиесін көрген бала да ұлт мәдениетінің мөлдір тұмасынан сусындайды. «Қазақтың шығу тегі – ауыл» деген бар. Бүгінде өркендеп, дамып келе жатқан ауылдар аз емес. Кім-кім де кіндік қаны тамған жерін жер жаннатына балайды. Оның тамылжыған табиғатын, саф ауасын үнемі мақтан етеді. Мұның бәрі иісі қазақ баласын алтын бесігіне балаған ауыл құдіретін ұқтырса керек. Солардың бірі Ойылдың оймақтай ауылы – Ақшатау. Ұйысқан ынтымағымен, берекелі бірлігімен талай үлкен іске ұйытқы болған ағалардың сөзін аяқасты етпей, жақсы бастаманы дәстүрге айналдырған ауыл жастары быыл да үлгілі істі іліп екетті. Соңғы он жылдың көлемінде ағалар салған сара жолды жалғап келе жатқан ақшатаулық жастар «Ауылым – алтын бесігім» атты ауқымды шараны өткен демалыс күні өткізді. Ауыл сыртындағы көкөрай-

ға аңсаған үй тігіп, ат шаптырып, ас берген азаматтар бәрін де ескерген сияқты. Кәсіпкерлерден балалар үшін үрмелі ойын алаңын алдырып, алаңсыз ойнауына мүмкіндік сыйласа, соңынан ойын балаларының бәріне тегін балмұздақ тартты. Мерекелік шараның көрігі – даланы ат тұяғының дүбіріне бөлеген бәйге болды. Алдымен алты шақырымға тайлар шапты. Он екі тайдың ішінен ақшатаулық Игорь Майконың «Аспарханы» алдына жан салмады. «Ат болатын құлынды, желі басынан танисың» дегендей, бабы келіссе, шын жүйрік тай күнінде-ақ танылады. Ал, халықтың делебесін қоздырған аламан бәйгеге 17 ат тіркеліпті. Атымтай кәсіпкері жоқ, алақандай ауылдың жастарының ұйымдастырған жарысына жүлдесін қосынбай, әрісі Атыраудың Сағыз, Мұқыр ауылдарынан, берісі өзіміздің облыстың Қобда, Алға аудандары мен Ақтөбе-

ден де атбегілер сәйгүліктерін әкеліпті. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» дегендей, Алға ауданының Бесқоспа ауылынан келген жігіттің сәйгүлігіне бұйырса, екінші жүлде көршілес Қобда ауданының Бестауынан келген шабандоздың еншісіне тиді. Үшінші жүлде де қонақтардың қанжығасына байланды. Бәйгеден бөлек, білекті жігіттер қол күрестіріп, гір көтеріп, арқан тартса, палуандар боз кілемге шықты. Тіпті ләңгі тебуден де жарыс ұйымдастырылды. Жарыстың барлық түрінен де жеңімпаздары мен жүлдегерлері алдын-ала белгіленген марапатқа ие болды. Түсте ақ шаңқан үйде ас берілді. Аталар бата беріп, ағалар ақ тілегін ақтарса, жастар ән мен жырдың тиегін ағытты. Сөйтіп, «аз отырып, көп сынайтын» қонақтар, ауылына қарап, азаматын таныса, жастар бір күн бойы Ақшатаудың баурайыннағыз думанға бөледі.

«КЕМЕР ГАЗ ҚҰЮ БЕКЕТІ» 7 АДАМДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫП ОТЫР

«ЕЛДЕ БОЛСА, ЕРІНГЕ ТИЕДІ» - ДЕГЕН РАС. КЕЗ-КЕЛГЕН КӨСІПКЕРЛІК НЫСАН АУЫЛ ҮШІН АЛДЫМЕН ЖҰМЫС ОРНЫ. АЙМАҚҚА БЕЛГІЛІ КӨСІПКЕР ЖЕРЛЕСІМІЗ АБЫЛ САТАЙДЫҢ ӨРТҮРЛІ СЕБЕПТЕРМЕН ІСКЕ ҚОСЫЛУЫ КЕШЕУІЛДЕП КЕЛГЕН САРАЛЖЫННЫҢ ТҰСЫНДАҒЫ ГАЗ ҚҰЮ БЕКЕТІ ЖУЫРДА ҒАНА ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛДІ.

«Кемер газ құю бекеті» айына 60 мың текше метр сұйық газ өткізуге қабылетті. Бекетте бүгінде жеті адам еңбек етеді. Бұл газ құю бекетінің іске қосылуы аудан үшін үлкен игілікті іс болып отыр. Бұрынғыдай сол маңдағы округтің тұрғындары жанар-жағар май үшін Ойылға немесе Қобдаға «шаппайды». Яғни, бұл маусымдық жұмыстардың үздіксіз жүруіне мүмкіндік береді. Жұмысшыларының жалақысы 100 мың теңге. Олардың алтауы екі-екіден бірге кезектесіп жасайды. Үш күнде бір кезекке тұратын адам қалған уақытта үйдегі шаруасына да үлгереді. Сонымен қатар, кәсіпкер жол бойынан алдағы уақытта кемпинг сияқты басқа да қызмет көрсету орнын ашуды көздеп отыр.



МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ ҚЫЗЫҚТЫ ЛАГЕРЬ

БАЛАЛАР ҮШІН ЖЫЛДЫҢ ЕҢ СҮЙІКТІ МЕЗГІЛІ – ЖАЗ. АЛ, ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТЫҢ ҚЫЗЫҒЫ МҮЛДЕМ БӨЛЕК. БҰЛ БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫНДА, ТӨРБИЕСІНДЕ, ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӨТЕ МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРАДЫ. БАРЛЫҚ АТА-АНАЛАР БҰЛ УАҚЫТТЫ БАЛАҒА ҚЫЗЫҚТЫ ӨРІ КӨҢІЛДІ ӨТКІЗУДІ ҚАЛАЙДЫ.

Лагерьде демалу тек қарапайым жазғы демалыс емес, ол баланың өсіп-өркендеуі үшін маңызды қадам. Лагерь - бала қарым-қатынас дағдыларын меңгеруге, топпен жұмыс істеп үйренуге, достар шеңберін кеңейтуге, балаға тәуелсіз және жауапты болуға көмектесетін қандайда да бір еркіндік берудің керемет мүмкіндігі. Жазғы демалыс ұйымдарының негізгі міндеті – балалардың қауіпсіз демалуын және сауықтыруын қамтамасыз ету болып отыр. Осы мақсатта Құрман орта мектебінде «Жарқын жаз» жазғы демалыс лагері өз жұмысын жасап жатыр. Тамақпен қамтылған лагерьде 10 бала бос уақыттарын тиімді өткізуде. Балалардың қызығушылықтарын қызықты ойындар арқылы түрлі шаралар арқылы аша отырып, әр күндерін қызыққа толы көңілді етіп ұйымдастырудамыз.



«ДЕНІҢЕ САУЛЫҚ, ДЕРТІҢЕ ШИПА СЫЙЛАҒАН...»

ЕЛІМІЗДЕ МАУСЫМ АЙЫНЫҢ ҮШІНШІ ЖЕКСЕНБІСІНДЕ МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ. ОСЫҒАН ОРАЙ МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА ОЙЫЛ АУДАНЫНДА АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАРҒА АРНАЛҒАН МАЗМҰНДЫ МӨДЕНИ ШАРА ӨТТІ. АЛДЫМЕН ӨНІРІМІЗДІҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ІРГЕСІН ҚАЛАП, КЕЙІНГІ БУЫНҒА САРА ЖОЛ ҚАЛДЫРҒАН ӘЛІ ДЕ ОРТАМЫЗДА АҚЫЛ-КЕҢЕСІН БЕРІП ӨР ҚЫРДА ЖҮРГЕН ТӘЖІРИБЕЛЕРІ БҮГІНГІ КҮНГЕ ЖЕТКЕН ҮЛКЕН МЕКТЕП ОТЫРҒАН АРДАГЕРЛЕР ОЙЫЛҒА ШАҚЫРЫЛДЫ. ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫН ПАШ ХАТКЕН ШАРА ҮЛКЕНГЕ ҚҰРМЕТ ПЕН ІЗЕТТІҢ ҮЛГІСІМЕН БАСТАЛДЫ...



Өрине, бұл күн – адам жанының аярашысы болған дәрігерлерге ел алғысын білдіретін ерекше мейрам. Аудан тұрғындары мен мәртебелі қонақтар медицина саласы қызметкерлерін құрметтеу кешіне жиылды. Мерекелік кеш аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаевтың құттықтау сөзімен басталды. Ол өз сөзінде: «Адам өмірі мен денсаулығы – баға жетпес құндылық. Осы жолда аянбай еңбек етіп жүрген дәрігерлер қауымына шын жүректен ризашылығымызды білдіреміз», – деп атап өтті. Салтанатты жиында сала

үздіктеріне түрлі марапаттар мен Алғыс хаттар табысталды. Аудандық, облыстық деңгейдегі марапаттармен қатар, салалық ұйымдар мен мекеме басшылары тарапынан да марапаттар ұсынылды. Медицина саласын дамытуға үлес қосқан қызметкерлер «Ауданға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, салалық кәсіподақ ұйымының Құрмет грамоталарымен және түрлі деңгейдегі Алғыс хаттармен марапатталды. Сондай-ақ, бірқатар қызметкерлердің есімдері алғаш рет көпшілік алдында аталды. Медицина саласының арда-

герлеріне де биік құрмет көрсетілді. Жылдар бойы адам жанына араша болған ақ халатты жандар сахна төріне көтеріліп, кеш қонақтарына жүрекжарды тілектерін арнады. Сөз алған ардагерлер өздерінің өмір жолындағы естеліктерімен бөлісіп, кейінгі буын дәрігерлеріне ақыл-кеңестері мен жылы лебіздерін жеткізді. «Бұл мамандық – тек кәсіп емес, бұл – тағдыр. Науқастың жанын түсіну, дертіне демеу болу – әр дәрігердің басты миссиясы. Біздер оны жылдар бойы жүрекпен сезіндік», – деді ардагерлердің бірі тебірене. Ардагерлердің өңгімелері мен өмірлік тәжірибелері жиналған жұртты бейжай қалдырған жоқ. Жастарға – үлгі, әріптестеріне – мақтаныш болды. Кеш барысында ән мен күй де шалқыды. Ақ желеңді жандарға арнап әуелеген өндер мен шырқалған әсем әуендер көрерменге ерекше көңіл-күй сыйлады. Медицина қызметкерлерінің қатысуымен қойылған сахналық көріністер, арнайы музыкалық тартулар мен өндер мерекелік кештің шырайын арттыра түсті. Сондай-ақ, шара аясында өмірден өткен дәрігерлерді еске алу сәті де өтті. Залда бір минут үнсіздік жарияланып, экраннан ардагер дәрігерлердің суреттері мен есімдері

көрсетілді. Бұл – жаңға жылу беретін, жүрекке жететін әсерлі көріністердің бірі болды. «Деніңе саулық, дертіңе шипа сыйлаған» ақ халатты абзал жандардың еңбегі ешқашан ұмытылмайтынын тағы бір дәлелдеген тағылымды шара көпшіліктің көңілінен шықты. Осындай кештер арқылы адам жанына араша болған мамандық иелеріне елдің ықыласы мен алғысы анық аңғарылады. Медицина қызметкерлері адам өмірі мен денсаулығы үшін аянбай еңбек етіп жүрген ең жауапты әрі ең құрметті мамандық иесі. Күн демей, түн демей, науқастың жанын аман алып қалуға күш салып, шарасыз шақта өмір сүруге құлшыныс сыйлайтын еңбектері – шынайы ерлік. Денсаулық – баға жетпес байлық. Мемлекет басшысының

тапсырмасымен елімізде, оның ішінде Ақтөбе облысында да халыққа сапалы медициналық көмек көрсету бағытында ауқымды жұмыстар жүріп жатыр. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы аясында жаңа нысандар салынып, емханалар жөнделіп, заманауи техникамен жабдықталуда. Жас мамандарға қолдау көрсетіліп, ауылдарға дәрігерлер тартылуда. 40 жас маман ауылдағы ағайынға қызмет көрсетуге жолдама алды. Мұның барлығы - халықтың өмір сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қадамдар. Біздегі өмір сүру ұзақтығы - 75,18 жас. Биылғы мереке қарсаңында 15 медициналық ұйымға жаңа жедел жәрдем көліктері жеткізілді, 4 дәрігерге қызметтік пәтердің кілті берілді. Сондай-ақ сала үздіктері түрлі дең-

гейдегі марапаттарға, «Ерен еңбегі» медаліне, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісіне, министрлік пен әкімдіктің алғыс хаттарына ие болды. Бұл – ақ халатты абзал жандарға деген құрметтің нақты көрінісі. Әр науқастың жанын түсініп, оларға мейіріммен қарайтын көзқарас – қоғам үшін өлшеусіз құндылық. Медицина – жүректен ғана атқарылатын қызмет. P. S. Сонымен қатар, мереке қарсаңында ауданға ақжолтай хабарлар да жетті. Яғни, жалпы тәжірибе дәрігері Эра Базарова "Денсаулық сақтау үздігі" төсбелгісімен марапатталса, дәрігер-дерматолог Әмина Ибрашеваға "Кәсіподақ үздігі" төсбелгісі табысталды. Ал, кадр бөлімінің меңгерушісі Әлия Бөлтекова облыстық маслихат төрағасының алғыс хатымен марапатталды.

